

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2022 жылғы 21 наурыз

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот Төрағасы Э.В. Айриян, баяндамашы судья Т.Н.Нешатаева, судьялар А.М. Ажибраимова, Ж.Н.Бәйішев, Д.Г.Колос, В.Х. Сейтімова, Г.А. Скрипкина, А.Э. Туманян, А.А.Федорцов, К.Л.Чайка,

сот отырысының хатшысы А.А.Пановтың қатысуымен, іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелерін түсіндіру туралы өтініші бойынша консультативтік қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрағы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – өтініш беруші) Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен жүгінді.

Өтініш беруші Еуразиялық экономикалық одақтағы әлеуметтік кепілдіктер, артықшылықтар мен иммунитеттер туралы ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 32 қосымша; бұдан әрі – № 32 қосымша) 2-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – ЕЭК, Комиссия) Алқасының мүшелері, департаменттерінің директорлары, олардың орынбасарлары және Комиссия қызметкерлері халықаралық қызметшілер болып табылады деп көрсетеді.

Өтініш беруші Шартта «халықаралық қызметші» ұғымының анықтамасы жоқ, бірақ халықаралық құқық теориясында осы санатқа халықаралық ұйымдардың штаттағы барлық қызметкерлері жатады деп атап өтеді. Осыған байланысты өтініш беруші Соттан мынадай мәселелер бойынша түсінік беруді сұрайды:

1) «халықаралық қызметшілер» және «халықаралық ұйымның қызметшілері» деген терминдер тең мәнді ұғымдар болып табыла ма;

2) Комиссия Алқасының мүшелерін, департаменттердің директорларын, олардың орынбасарлары мен Комиссия қызметкерлерін «халықаралық ұйымның қызметшілері» санатына жатқызуға жол беріле ме?

II. Соттың құзыреті

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа №2 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (бұдан әрі – Сот Статуты) 46-тармағына сәйкес Сот мүше мемлекеттің немесе Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО, Одақ) органының өтініші бойынша Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне және Одақ органдарының шешімдеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады.

Сот Статутының 49-тармағына сәйкес Сотқа мүше мемлекеттің атынан түсініктеме беру туралы өтінішпен жүгінуді тізбесін әрбір мүше мемлекет айқындайтын және дипломатиялық арналар арқылы Сотқа жіберілетін мүше мемлекеттің уәкілетті органдары мен ұйымдары жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Еуразиялық экономикалық одақтың Сотына жүгінуге уәкілеттік берілген органдар мен ұйым туралы» 2015 жылғы 6 мамырдағы №20 Жарлығының (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 27 ақпандағы №526 Жарлығымен енгізілген өзгерістер ескеріле отырып) 1-тармағының 2-тармақшасында Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының атынан Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың ережелеріне және Одақ органдарының шешімдеріне түсініктеме беру туралы өтінішпен Сотқа жүгінуге уәкілеттік берілген органдардың бірі болып табылады деп белгіленген.

Тиісті ақпарат Сотқа Қазақстан Республикасының Беларусь Республикасындағы Елшілігінің нотасымен жіберілді. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің (бұдан әрі – Сот Регламенті) 10-бабының 2-тармағына сәйкес түсінік беру туралы өтінішке Сот Регламентінің 31-бабының 1-тармағында көрсетілген адам қол қояды.

Сот Регламентінің 31-бабы 1-тармағының «б» тармақшасына сәйкес Сот Статутының 49-тармағына сәйкес айқындалған мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен ұйымдарының басшылары Сотта мүше мемлекеттердің өкілдері бола алады. Өтінішке Сот Статутының 46 және 49-тармақтарында көзделген тәртіппен сотқа жүгінуге уәкілеттік берілген органның басшысы – Қазақстан Республикасының әділет министрі қол қойды.

Сот 2021 жылғы 6 желтоқсандағы қаулымен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Шарттың ережелерін түсіндіру туралы сұрағын қарауға қабылдады.

III. Соттағы рәсім

1. Сот Регламентінің 72-бабына сәйкес түсінік беру туралы өтініш бойынша сот ісін жүргізу түсінік беру туралы өтінішті, түсінік беру туралы өтініште көрсетілген мәселеге жататын өзге де құжаттар мен материалдарды, не осындай құжаттар мен материалдардың куәландырылған көшірмелерін беруді, сондай-ақ Соттың консультативтік қорытынды дайындауын қамтиды.

Сот Статутының 68-тармағына сәйкес түсінік беру туралы істерді қарау тәртібін Сот Регламенті айқындайды.

Сот Статутының 55-тармағының тәртібімен істі Соттың қарауына дайындау шеңберінде өтініш берушіден, Еуразиялық экономикалық комиссиядан, басқа да мекемелер мен ұйымдардан жауаптар алынды.

IV. Сот қорытындылары

1. Шарттың 1-бабының 1-тармағына сәйкес Тараптар Еуразиялық экономикалық одақты құрады, оның шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

Шарттың 1-бабының 2-тармағына сәйкес Одақ халықаралық құқық субъектілігіне ие, өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы болып табылады. ЕАЭО-да халықаралық ұйымның құзыретін іске асыру үшін халықаралық функцияларды орындайтын тиісті органдар құрылды.

Одақтың халықаралық-құқықтық мәртебесі құрылтайшылық Шарт оның ішкі ұйымын реттеудегі негізгі акт болып табылатынын алдын ала болжайды (Соттың 2017 жылғы 11 желтоқсандағы консультативтік қорытындысының 15-тармағының бірінші абзацы).

Құрылтайшылық Шарттың 8-бабының 1-тармағында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес, Еуразиялық үкіметаралық кеңес, сондай-ақ тұрақты негізде жұмыс істейтін Комиссия және Сот Одақ органдары болып табылатындығы көзделеді.

Шарттың 18-бабының 1-тармағына сәйкес Комиссия Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы болып табылады. Комиссия Кеңестен және Алқадан тұрады.

Өз кезегінде Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа №1 қосымша; бұдан әрі – Комиссия туралы ереже) 23-тармағында Комиссия Кеңесіне әрбір мүше мемлекеттен үкімет басшысының орынбасары болып табылатын және өз мемлекетінің заңнамасына сәйкес қажетті өкілеттіктер берілген бір-бір өкіл кіреді деп көзделген. Комиссия Алқасы Алқа мүшелерінен тұрады, олардың біреуі Комиссия Алқасының Төрағасы болып табылады (Комиссия туралы ереженің 31-тармағы).

Комиссия туралы ереженің 54-тармағына сәйкес Комиссия департаменттері Комиссия Кеңесінің және Комиссия Алқасының қызметін қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Комиссия департаменттерінің құрамына

халықаралық ұйым – Еуразиялық экономикалық одақта қызметтік функцияларды орындайтын лауазымды адамдар мен қызметкерлер кіреді.

«Лауазымды адамдар» және «қызметкерлер» деген ұғымдар Шарттың 2-бабында ашылады. «Лауазымды адамдар» деп Еуразиялық экономикалық комиссия департаменттерінің директорларына және Комиссия департаменттері директорларының орынбасарларына тағайындалған мүше мемлекеттердің азаматтары түсініледі. «Қызметкерлер» деп Шарттың 2-бабына сәйкес өздерімен жасалған еңбек шарттары (келісімшарттар) негізінде Одақ органдарында жұмыс істейтін және лауазымды адамдар болып табылмайтын мүше мемлекеттердің азаматтары түсініледі.

Осылайша, Одақ халықаралық ұйым болып табылады, оның құқық белгілейтін құжаттарында Комиссия тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде, сондай-ақ Комиссияда өздерінің халықаралық функцияларын орындайтын уәкілетті тұлғалар ретінде айқындалған және олар Одақтың құрылтайшылық құжаттарына сәйкес аталады.

2. Комиссия туралы ереженің 56-тармағында Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері халықаралық қызметшілер болып табылады деп белгіленген.

Өз кезегінде №32 қосымшаның 2-тармағына сәйкес Комиссия Алқасының мүшелері, лауазымды адамдар мен қызметкерлер сияқты халықаралық қызметшілер болып табылады.

1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының 1-тармағына сәйкес халықаралық шарттың нормаларын түсіндіру барысында мән-мәтінді ескеру қажеттігіне байланысты Соттың Үлкен алқасы №32 қосымшаның 2-тармағының нормасы «халықаралық қызметшілер» терминін пайдалана отырып халықаралық ұйымда жұмыс істейтін адамдардың тәуелсіздігі туралы бірыңғай талаптар белгілеуді мақсат етеді деп атап өтеді.

Мәселен, №32 қосымшаның 2-тармағына сәйкес халықаралық қызметшілер өздерінің өкілеттіктерін орындау (лауазымдық (қызметтік) міндеттерін атқару) кезінде олар мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдары мен ресми тұлғаларынан, сондай-ақ Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің биліктерінен нұсқаулар сұратуға немесе алуға тиіс емес. Олар өздерінің халықаралық қызметші мәртебесімен үйлеспейтін түрлі әрекеттерден аулақ болуға тиіс.

№32 қосымшаның 3-тармағына сәйкес Одаққа мүше мемлекеттер халықаралық қызметшілердің халықаралық сипатын құрметтеуге міндеттенеді. Уәкілетті тұлғаларға артықшылықтар мен иммунитеттер олардың өз өкілеттіктерін Одақ мүддесіне орай тиімді және тәуелсіз орындауы (лауазымдық (қызметтік) міндеттерін атқаруы) үшін беріледі (№32 қосымшаның 28-тармағы).

Осылайша, Соттың Үлкен алқасы Одақ құқығына сәйкес халықаралық ұйымның тұрақты жұмыс істейтін органы – Еуразиялық экономикалық комиссияда құрылтайшылық Шартта халықаралық қызметшілер деп

аталатын адамдар өз өкілеттіктерін тәуелсіз орындайды (қызмет етеді) деген қорытындыға келді.

3. Еуразиялық экономикалық одақта тұрақты қызмет ететін екі органның (Комиссия және Сот) жұмыс істейтінін ескеретін болсақ, осы органдарда өз міндеттерін уәкілетті адамдар: Комиссия мүшелері, ЕЭК лауазымды адамдары мен қызметкерлері; судьялар, Сот Аппаратының лауазымды адамдары мен қызметкерлері өз міндеттерін атқаратынын атап өту қажет (Шарттың 18-бабының 1-тармағы, 19-бабының 1-тармағы).

Соттың Үлкен алқасы Одақ құқығына сәйкес Комиссиядағы ішкі халықаралық қызметте Комиссия Алқасы мүшелерінің мәртебесі мен лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мәртебесі бір-бірінен ерекшеленетінін атап өтеді.

Комиссия Алқасының мүшелері Одақтың жарғылық құжаттарында бекітілген өкілеттіктерге сәйкес халықаралық функцияларды орындайды және оларды орындау үшін қажетті артықшылықтар мен иммунитеттерді иеленеді.

№ 32 қосымшаның 18-тармағында Комиссия Алқасының мүшелері, Одақ Сотының судьялары, егер олар болу мемлекетінің азаматтары болып табылмаса, дипломатиялық агент үшін 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген көлемде артықшылықтар мен иммунитеттерді пайдаланатыны белгіленген.

Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мәртебесі Одақ құқығында өзгеше шешілген және № 32 қосымшаның V бөліміне сәйкес нақты ұйыммен еңбек шартын (келісімшарт) жасасқан осы ұйымның қызметшілерінің мәртебесі ретінде айқындалған.

Комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері Одақтың құзыретті органдарының құзыретінен туындайтын міндеттерді шешуді кәсіби тұрғыдан қамтамасыз етеді (2018 жылғы 20 желтоқсандағы Соттың консультативтік қорытындысының «Сот қорытындылары» деген III бөлімінің 2-тармағы). Халықаралық функцияларды (лауазымдық (қызметтік) міндеттерді) тәуелсіз орындауына кепілдік беру үшін ЕАЭО халықаралық қызметшілеріне Шартта белгіленген халықаралық артықшылықтар мен иммунитеттер беріледі.

Соттың Үлкен алқасы Алқа мүшелері, Еуразиялық экономикалық комиссияның лауазымды адамдары мен қызметкерлері әртүрлі мәртебеге ие бола отырып, Еуразиялық экономикалық одақтың халықаралық ұйымының халықаралық қызметшілеріне жататындығы туралы қорытындыға келді.

4. Баяндалғандарды ескере отырып Соттың Үлкен алқасы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сұрақтарына мынадай жауаптар береді:

4.1. «Халықаралық қызметшілер» және «халықаралық ұйымның қызметшілері» деген терминдер әртүрлі мағынадағы ұғымдар болып табылмайды. Уәкілетті тұлғалар нақты халықаралық ұйымда функцияларын

орындайды және осы ұйымның құрылтайшылық құжаттарына сәйкес аталады.

4.2. Комиссия Алқасының мүшелері, департаменттердің директорлары, олардың орынбасарлары және Комиссия қызметкерлері Еуразиялық экономикалық одақ халықаралық ұйымындағы халықаралық қызметшілерге (лауазымдық (қызметтік) міндеттерді атқаратын) жатады.

V. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін. Консультативтік қорытындының мәтіні Соттың ресми интернет-сайтында жариялансын.

Төрағалық етуші

Э.В. Айриян

Судьялар

А.М. Ажибраимова

Ж.Н. Бәйішев

Д.Г. Колос

Т.Н. Нешатаева

В.Х. Сейтімова

Г.А. Скрипкина

А.Э. Гуманян

А.А. Федорцов

К.Л. Чайка